

Жолтай Әлмашұлы
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

Әлшекей

(Күй-ғұмыр)

(Оқуға және сахналауға арналған
тарихи драма)

Астана-2017 жыл

Қатынасушылар

1. **Әлшекей Бектібайұлы** – Сыр елінен шыққан атақты күйші, жасы жетпістен асқан кісі.
2. **Қаракөз** – Әлшекейдің жары
3. **Жасыбай** – Сыр елінің белгілі байы, жасы елулердің ортасында.
4. **Мырза жүге** – ұлты тәжік, өнерпаз кісі, Әлшекейдің тамыры.
5. **Тойлыбек** – Сыр еліндегі милиция қызметкері, Әлшекейді қадірлейтін жаны таза азамат.
6. **Құлан** – Сыр елінен шыққан белгілі ақын, Әлшекейдің замандасы.
7. **Қисық Қабай** – Сыр еліндегі белсенділердің бірі, қызғаншақ адам.

***Жекелеген көріністерде:** Байлар – Нәлібай, Шахан, Аралбай, Жәнібек; Нарынбай шешен; Күйшілер – Бөпе, Сүгір, Айша, Әбдіқалық. Әлшекейді балалары – Қарабала, Дәнебек, немересі – Жидебай, жандарал Иванов, ауыл белсендісі Ақтай, Жандайшап, Қара киімді, Қара қойшы, дауыс, т.б.*

Оқиға 1920-1930 жылдары Сыр бойы мен Тәжікстандағы Қорғантөбе ауданы аумағында өтеді. Еске түсіру арқылы осы кезеңдердегі Сыр өңірі мен Қаратау арасында болған дүрбелең оқиғалар да көрсетіледі.

Ескертпе:

- 1.) Бұл күй туралы һәм дәулескер күйші жайындағы драма болғандықтан спектаклді қою кезінде күйді сауатты орындайтын кісілер тартылғаны мақұл;
- 2.) Оқиға негізінен өткен ғасырдың 30-жылдары өтеді, ал бұл кезде біздің қазақ топырағында ашаршылық белең алған тұс, осыны естен шығармау ләзім;
- 3.) Тәжік топырағында қалт-құлт тіршілік кешіп жатқан қандастарымызға жау сырттан емес, өз арамыздан шығып, айналып келгенде, алауыздық түбімізге жеткенін де ескерген жөн!

Пролог

(монолог аралас көрініс)

XX ғасырдың бас кезі бұрқ етіп басталып, астаң-кестең болып, аяғы аласапыран оқиғаларға ұласты: әуелі Кеңес өкіметі орнады; жаңа өкіметпен ілесе жаңа «тәртіп» те келіп жетті; сосын бай-кулактарды қыспаққа алып, жаппай кәмпескелеу басталды; алдындағы мал-мүлкін еркінен тыс тартып алып жатты...

Өкінішке орай осынау ұлы науқанды ел ішінен шыққан «шолақ» белсенділер өз пайдасына пайдалана отырып, өзіне аса ұнамаған адамдардан кек алуға, қыспақта ұстауға және намысына тиюге мұрындық болды. Міне, соның кесірінен көптеген көкірегі ашық, ойы ояу, парасаты биік азаматтар өз елінен безіп, бас сауғалап, жан-жаққа тарады. Бір тобы Қытай асса, енді бір тобы – Моңғолия жағына жол салды. Ал, тағы бір тобы Өзбекстан арқылы Тәжік жеріне, одан соң Ауғанстанға асып кеткендері де бар болатын-ды.

Сондай қиын өмірді Сыр бойындағы Төменарық стансасы маңын мекендеген белгілі-белгілі аталар да бастан кешкен-ді.

Атақты Аралбай байдың ет жақын туысы – бүкіл Қаратау мен Сыр бойына есімі бек танымал күйші Әлшекей Бектібайұлы да тап осындай қысылтаяң шақта туған жермен амалсыз қимай қоштасқан. Өйткені, кейбір өмірде де, өнерде де жолы болмаған қызғаншақ «жолбикелер» күйшіге күш көрестіп, қысып ұстап, тізеге салмақ болған. Осылайша Сыр елінің саңлақ күйшісі өмірінің соңын Өзбек елі арқылы Тәжікстанға өтіп, Қорғантөбе маңындағы шағын ауылда өткізген. Ол кез – өткен ғасырдың 30-жылдарының бас кезі.

Бұл пьесада міне, сондай саңлақ күйшінің өмірінің екі кезеңі – Сыр өңіріндегі және Тәжік жеріндегі соңғы күндері тілге тиек болмақшы!

Ендеше, сахнаға назар салыңыздар!..

Дауыс үзіле бергенде сахнаға жарық түседі де, әлдекімнің үні естіледі.

Дауыс: Әлшекей аға! Әлшекей аға деймін! Сіз әлі ауылда сайрандап жүрсіз бе?

Әлшекей: Ау, кімсің сен? Қай баласың?

Дауыс: Мен – Тойлыбек деген ініңізбін.

Әлшекей: Сен милицияда қызмет істемеуші ме ең? Мені тағы неге іздей қалдың? Әлде жоғары жақтан шұғыл тапсырма алдың ба?

Тойлыбек: *(ренжи сөйлеп)* Ой, аға-ай, өстіп ренжітесіз енді. Мен сондай кісімін бе? Сіздің талантыңызды барынша қадірлейтінімді білесіз ғой. Қазақ күйі күресінге кетпесін десеңіз, айтқанымды тыңдаңыз... Тезірек қам жасаңыз...

Әлшекей: *(ойлана сөйлеп)* Сонда мен қашқын болуым керек пе? Соны меңзеп тұрсың ба?

Тойлыбек: Ел жақсылары мен би-болыстарды аямай, тепкінің астына алып, жер аударып жатқан бүгінгі саясатқа сенбеңіз, аға! Сенбеңіз ешкімге де, аға-а...

Сахна қараңғыланады.

Бірінші акт

(Қазақ жеріндегі оқиға)

Бірінші көрініс

Сыр елі. Төменарық тұсындағы темір жол маңы. Атақты Орынбор-Ташкент темір жолының салынып жатқан сәті. Төменарықта үлкен той. Осы басқосуға күйші Әлшекей, ақын Құлан, шешен Нарынбай, қисық Қабай, т.б. кісілер де келіпті.

Төменарық вокзалын арнайы ашуға келген жандарал Александр Аркадьевич Иванов сөз сөйлеп тұрады.

Иванов: Жолдастар, әлі еңсе көтере алмай келе жатқан қазақ топырағында бұндай шойын жолдың салынуы – үлкен тарихи оқиға! Қазақ азаматтары алдағы уақытта поезд арқылы емін-еркін Мәскеуге барып – қайта алатын болады. Сосын да өзім келіп қатысып отырмын. Сосын да осындағы барша зиялы қауымды, өнерпаз адамдарды түгел шақырттым. Мен жергілікті халықты құрметтей білемін, ардақтай білемін. Еңбегіне қарай бағасын да беремін. Қазаққа еш қиянатым жоқ. Соны біліңіздер. Міне, мына вокзал маңдайшасына қараңыздар. Мұндағы сурет-атақты күйші Әлшекей Бектібаевтікі. Домбыраның құлағында ойнайтын азамат. Риза болдым. Сол кісіге құрмет жасап, қол соғып қоялық.

Көпшілік:

- Өте дұрыс!
- Ал, сол күйшінің өзі қайда?
- Неге бүгін өнерін көрсетпейді?

Иванов: Шын іздесеңіздер, ол азамат осында! Тіпті домбырасы да қолында. Қажет десеңіздер қазір осында шақырамын.

Көпшілік:

- Тыңдап көрелік!
- Атағы жер жарған күйшіні өз көзімізбен көрелік!
- Суретін ілуге жараса, расымен-ақ мықты болғаны!

Иванов: *(жандайшапқа ым жасап)* Шақырындар! Қайда Әлшекей күйші? Бар ма осы топта? Қане, тез табыңдар күпілі Киргизды...

Әлшекей: *(топ ортасынан дауыстап)* Мен мұндамын!

Иванов: Ә, міне! Өзі де келіпті! Бері өтіңіз! Сізді бүкіл ел сұрап жатыр.

Әлшекей Ивановтың жанына келеді. Домбырасының құлақ күйін туырлап жатады. Иванов қалың жұртқа қол шапалақтаңдар деп ұсыныс білдіреді.

Осы кезде күй де төгіле жөнеледі. Әлшекей әуелі бармағымен, сосын саусақтарымен тартып, әсем күй төгеді.

Осылайша екі-үш күй ойнайды. Арасында «Отарба» күйі де орындалады. Осы кезде топ ортасынан бір кісі дауыстайды.

Дауыс: Өте тамаша күйші екенсіз. Шертуіңізде мін жоқ. Ал, біз естігенбіз, сіз бір жолы Арқа еліне барғанда күйді башпайымен тартып, жиналған жұртты естен тандырған дейді. Сол рас па? Рас болса, көрсетсейші осы арада...

Әлшекей: *(күмілжіп)* Бірақ, мына жерде...

Иванов: Әңгіме не жөнінде? Түсінбедім. Что такой башпай? *(Жандарал жанындағы жандайшапқа қарайды)*

Жандайшап: Мен де түсінбей қалдым.

Әлшекей: *(оган сыбырлап сөйлеп)* Тауарыш жандарал, аяқтың башпайын айтады, онымен қалай тартамын?

Иванов: *(қолын қайшылап)* Жо-жоқ, жолдастар! Бұл саяси жиын... Мұндай жерде ондай ерсі қылық жараспайды. Басқа бірнеңе сұраңыздар.

Қалың халық у-шу. Вокзал айналасы айқайға ұласады.

Топ арасынан бір бұйрабас еркек бой көрсетеді. Оның аты – қисық Қабай. Өзі бұрыннан-ақ Әлшекейге жаны қас. Қайтсем сүріндіремін деп жүретін қаратілеу адам!

Қисық Қабай: *(даусын кенеп)* Әй, Әлшекей, сен ғой атағы жер жарған күйшімін деп кеуде қағасың. Осы қылығыңды қалай түсінеміз? Шын өнер адамы барынша қарапайым болмас па?

Әлшекей: Сөзіңді ұқпадым, қисық Қабай?

Қисық Қабай: Бәрін де түсініп тұрсың, тек өтірік түсінбеген боласың. Сені мына қалың ел мақтаншақ, боскеуде дейді. Егер кең болсаң, неге осы жиынға атағы сенен бірде-бір кем емес Бөпе күйшіні шақыртпадың?

Әлшекей: Е, шақыртушы мен бе екем? Жандарал өзі алдырды мені! Ал, күйші Бөпенің қайда екенін қайдан білейін!

Қисық Қабай: Міне, өзгені көре алмас іштарсың! Бөпені өзіңнен төмен санайсың. Бұл – астамшылық.

Осы кезде сөзге Иванов араласады.

Иванов: Ештеңені де түсінбедім. Бөпе деген кім? *(Әлшекейге қарайды)*

Әлшекей: Тауарыш жандарал, ол да домбыраның құлағында ойнайтын шебер күйші! Бірақ, мұндағы топ ішінен көрінбейді.

Қисық Қабай: *(дауыстан)* Әрине, Бөпе мұнда келсе, жұрт алдында беделі түсіп қалады өзінің...

Иванов: *(жанындағы көмекшісіне бұрыла сөйлеп)* Мынау кім өзі? Неге ентелей береді, а? Өзі типичный нахал киргиз екен...

Жандайшап: Товарищ генерал, бұл да күйші. Домбыра тартады.

Иванов: *(жиналғандарға қарап, сыбырлап сөйлеп)* Өзім де сезіп тұрмын. Ал, арғы жағындағы қолын ербендеткен киргиз кім? Жанындағы сөйлемпаз кім?

Жандайшап: Оның бірі – Құлан ақын, екіншісі – Нарынбай шешен.

Иванов: *(мырс етіп)* Осы киргиздардың қымыз ішіп, көпіре сөйлегеннен, өлең оқып, күй тартқаннан басқа жұмысы жоқ екен, ә! *(сосын жандайшапқа қарап)* Маған жанағы заржақ күйшінің атын айтшы?

Жандайшап: Аты-жөні Қисық Қабай!

Иванов: Күйші екені рас па?

Жандайшап: Так точно!

Иванов: *(Әлшекейге)* Сіз мына қисық Қабасевпен күй жарысына түсуге қалайсыз?

Әлшекей: Мен әзірмін.

Иванов: *(енді Қисық Қабайға бұрылып)* Жолдас Қисық Қабаев, сіз күй тартасыз ба? Ендеше мына Әлшекей Бектібаевпен күй жарысқа түсіп көріңіздерші. Осы дүйім ел алдында...

Қисық Қабай: Жо-жоқ, о не дегеніңіз, Жандарал мырза! Мен оған даяр емеспін.

Иванов: Күй тартуға қандай әзірлік қажет! Домбыра ұстаңыз да, ойнай жөнеліңіз. Әрине, талантыңыз болса...

Қисық Қабай: Жақсы күй домбыра ішегінен сыңғырлап төгілуі үшін бап керек. Жағдай керек.

Иванов: Сіздікі жәй көңіл болды ғой ендеше...

Қисық Қабай: Жо-жоқ, мен де күйшімін. Әлі көресіз, бүкіл елді таңқалдыратын боламын. Менің қасымда мына мақтап тұрған Әлшекейлерің кім екен?

Әлшекей: *(шыдай алмай)* Әй, Қабай, жетер енді! Осындай бүйректен сирақ шығаратын кертартпа мінезінді қашан қоясың, а? Жандаралдың алдында суырылып сөйлеп, шешен болып барасың ғой, тіпті...

Құлан: *(дауыстан)* Қисық Қабай, тоқтат мына ерсі қылығыңды!

Нарынбай: *(мысқылдап)* Есекке «ықы» деген сөз де ауыр тиетін заман...

Қисық Қабай: *(күйіне)* Ә-ә, бәрің жабылып, маған сес көрсете бастадыңдар ма? Араларыңдағы ала қарға мен екем ғой... Көрерміз ендеше...

Жиналған жұрт ысқырып, шулап кетеді.

Иванов: *(көпшілікті тоқтатып)* Жолдастар, шуламаңдар! Мен жаңа айттым ғой, осы өңірдегі қандай өнерпаз, жыршы-термеші, күйші бар болса, бәріне де құрмет көрсетуге әзірмін. *(енді Әлшекейге бұрылып)* Бұл азамат – расымен ғажап өнерпаз! Бұл кісіні құрметтейік! Қол соғып, қолдайық. Ал, вокзалдағы суреті ұзақ-қ уақыт тұратын болады.

Қисық Қабай: *(мырс етіп)* Әрине, ол өзінің ғана суретін тұрғанын қалайды. Бұл әдетін – менмендік демеске шара жоқ! Солай емес пе, халайық?.. *(сосын өзіне-өзі)* Қап, сені ме? Алдымен ісім сенімен болсын енді... Ылғи да алдымды орай бердің бе, ендеше сазайыңды да тартарсың аз күнде...

Ел тағы да шу-шу ете түседі. Иванов ештеңеге түсіне алмай әлек.

Иванов: *(қисық Қабайға)* Сіз болдыңыз ба? Ендеше ары бара тұрыңыз. Біз әңгімені әлі аяқтаған жоқпыз. Елдің Әлшекей күйшіге қоятын сауалдары да бар болар...

Жандайшап: Товарищ генерал, мына Қабайды қисық қылығы үшін дүрелеп жіберейін бе? Өзі шынымен қисық адам екен.

Иванов: *(сыбырлап қана)* Жоқ, мұндай бірбет киргизды дүрелемеу керек, қайта өз пайдамызға пайдалансақ дұрыс болар. Кезі келгенде көпшілікті қисық жолға бастайтын ел ішіндегі бас асауларға қарсы қоямыз. Әзірге сабыр сақтай тұрыңдар. Әр нәрсенің өз уақыты бар...

Сахна қараңғылана береді де, қайта жанғанда – Әлшекей жас милиция қызметкері Тойлыбекпен оңаша сөйлесіп тұрады.

Тойлыбек: Ағатай-ау, мен сізге қанша рет айтамын. Бүгінгі саясаттың беті қатты, ол сізді де, ешкімді де аямайтын сияқты.

Әлшекей: Ау, інім-ау, осы сен мені неге қорқытып-үркіте бересің, а? Мен қандай саясатқа араласыппын? Бар болғаны өнер адамымын, күйшімін.

Тойлыбек: Өнер адамдарының саясатқа еш қатыса жоқ десеніз, қателесесіз, аға! Сіздің әрбір күйіңізді солақай саясатшы жаңа өкіметке қарсы әуен деп есептейді. Жаңа заманды әжуалап, мазақ етуші дейді.

Әлшекей: *(таңдана)* О, тоба! Енді менің әрбір күйімнің әуеніне сығалап қарап, астар іздей бастағаны ма?

Тойлыбек: Ол аз десеніз, сізді Аралбай бай мен Жәнібек байлардың қасында жүрген, солармен ауыз жаласқан кісі деп ойлайды.

Әлшекей: Бай-болыстар, немене, елдің қанаушысы, ар-намысты аяқ асты ететін ұятсыздар ма? Олар елге тұтқа болып жүр емес пе? Бұл не деген басыну, а?

Тойлыбек: Жаңа өкімет бай-құлақтармен күресуде. Ендеше, жаңа саясат үшін ондай беделді адамдар мүлде керек емес. *(сәл тоқтап)* Тілімді алсаңыз, ағатай, бұл елден кетіп қалыңыз. Әйтпесе қисық Қабайлар түбіңізге жетпей тынбас...

Әлшекей: *(ойлана)* Қисық Қабайға дауа жоқ енді! Ол о баста анасынан қисық туған. *(сәл тоқтап)* Жоқ, бала! Мен өз елімнен өзім қашпаймын. Қашқысы келгендер кете берсін. Маған туған елдің түтіні де қымбат!.. Қисық ағашына дейін қадірлі...

Сахна қараңғыланады.

Екінші көрініс

Әлшекей өз үйінде – балаларымен әңгіме-дүкен құрып отырады. Ұлы Дәнебекке қарап сөйлейді.

Әлшекей: Балам, сенің күй шертісің маған ұнайды. Бірақ әлі де көп еңбек керек. Мына әкең... аяқ астынан күйші болып кеткен жоқ. Жас күнімде көп жерлерді араладым, Арқа жаққа бардым. Дайрабай, Қыздарбек, Сайдалы Сары Тоқаларды көрдім. Солардың күй тарту тәсілін үйрендім. Шіркін, олар күй өнерінің нағыз дүлдүлдері еді-ау!..

Дәнебек: Әке, әнебір жолы сіз адуын күйші Бөпемен күй тартысына түсіпсіз ғой, ә?

Әлшекей: *(сәл жымылып)* Бөпе деймісің? Әй, сол божбан расымен зор күйші. Мен онымен айтысқам жоқ, қайта үзеңгілес дос болдым. Күй тартысына түсу себебіміз де өзінше бір оқиға...

Сахна қараңғылана береді де, қайта жанғанда – Әлшекей мен Бөпе қалың халық ортасында отырады. Алдыңғы лекте – Құлан ақын мен Нарынбай шешен. Арасында – Қисық Қабай да бар.

Әлшекей: Ал, баста Бөпе!

Бөпе: Жоқ, сіз бастаңыз.

Әлшекей: Күй жарыс сұраған мен емес, сенсің.

Бөпе: Мен де емес, жалпақ жұрт сұрады оны!

Әлшекей: *(елең етіп)* Жұрт деймісің? Ел сұрады ма оны! Онда жарайды. Ал, мен-ақ бастайын.

Қисық Қабай: *(қыстырылып)* Әрине, барлық жерде алдымен сөйлегенді жақсы көреді. Көкірегі өсейін десе, адам өстеді. Сосын... бір күні торға түскен торғайдай, топ етіп құлайды. *(елге қарап күледі)*

Көпшілік:

– Әй, біз білетін Әлшекей ондай кісі емес;

– Сенікі не сөз, а?

Бөпе: *(Қабайдың сөзін елемей)* Тек жалғыз өтінішім бар, Әлшеке! сіз ана Айша қызбен айтыстағыдай башпай жағына бармаңызшы.

Әлшекей: *(күліп)* Жарайды! Ол өтінішінді де құп көрдім. Ал, кеттік пе?

Бөпе: Құлағым да, назарым да – сізде!

Әлшекей күй ойнай жөнеледі. Бөпе оның ішек қағысына қарағыштап отырады.

Тоқтаған тұста іліп әкетіп, әрі қарай жалғайды.

Осылайша екеуі бес реттен домбыра алмасып болып, алтыншы күй тартылып жатқанда сырт жақтан біреу «Әй, Бөпе» деп дауыстайды. Бөпе жалт қараған. Қайта бұрылған сәтінде Әлшекейдің жөні бөлек жаңа қағысын байқап, көзі жаңылысады.

Бөпе: Бұл болмайды. Мен көз жазып қалдым. Әдейі біреу дауыстады.

Құлан: Палуанға оң-солы бірдей демейтін бе еді? Бұл қай сасқаның, Бөпе?

Әлшекей: *(күйді тоқтатып)* Ендеше, мен де болдым. Жеңген ешкім жоқ. Теңбіз!

Көпшілік: *(шулап)*

– Әй, Бөпе де осал емес!

– Бірақ Әлшекейге жете ме?

– Қап, аяғына дейін тыңдағанда ғой, ә?

Әлшекей: *(орнынан тұрып)* Ал, Бөпе, осымен құшақ айқастырып, қоштасалық. Бұдан соң күй жарыстырар күн болар ма, жоқ па?

Қисық Қабай: *(дауыстан)* Кей тұста Бөпе күйші басым түсіп жатты. Тағы да жалғастыру керек еді...

Бөпе: *(құшақ айқастырып жатып)* О не дегеніңіз, Әлшекей! Әлі талай кездесеміз. Күй шертісіп, көңіл шерін бірге тарқатамыз. Жаман сөз айтпаңыз, ағасы!

Нарынбай: *(толғана сөйлеп)* Е-е, қилы-қилы заман болар, қарағай басын шортан шалар! Бәрін де күтуге болады қазіргі заманнан...

Әлшекей: Заман мынау! Күні ертең не боларын кім болжапты? Сосын-дағы айтып жатқаным...

Бөпемен оп-оңай табыса кеткеніне риза болмай, Қисық Қабай орнынан тұрып кетіп бара жатады. Сөйлеп бара жатады: «Бұл күйжарыс емес, елді алдау!.. Көзалдау ойын...»

Бөпе: *(толғана сөйлеп)* Әлшеке, маған қарағанда сіз әлдеқайда бақыттысыз. Неге екенін айтайын ба?

Әлшекей: Ал, тыңдадық.

Бөпе: Сіз жаңа өкіметтің жандаралдарына да жақсы қырыңызбен танылдыңыз, суретіңіз Төменарық вокзалында ілініп тұр.

Әлшекей: Е, сол да бақыт болып па? Күні ертең-ақ ұмыт болатын уақытша бедел...

Бөпе: Ендеше, мынаны айтайын. Сіз ел мен жерді көп араладыңыз. Соңыңызға ерген талабы зор, үздік шәкірттер бар.

Әлшекей: Ойпырмай, олар кім екен?

Бөпе: Айталық, Теріскей жақтағы Әлінің ұлы – Сүгірге бата берген кім екен? Әрине, сіз. Сол Сүгір осы кезде аса шебер күйші болып өсіпті. Таяуда бір жиын-тойда жолықтым. Аяқ тастасы мүлде бөлек.

Әлшекей: Сүгір деймісің! Расында да ол бала ғажап күйші!

Нарынбай: Мен де тыңдап көргем. Шынында да құймақұлақ жігіт. Күйші деп соны айт!

Бөпе: Міне, бұл бақыт емей немене?.. Тағы да айта берейін бе?

Әлшекей: Әзірге осы да жетер.

Екеуі құшақтасады. Арқа қағысады.

Бір шетте Құлан мен Нарынбай сөйлесіп жатады.

Құлан: *(ойлана)* Қап, жаңағы қисық Қабай кеудесіне ұлы кек ұялатып кетті ме, қалай? Сөздері ұнамады маған...

Нарынбай: Қой, өйте қоймас. Жағалай жатқан ағайын-туыс ел емеспіз бе? Туыс адамның тарыдай реніші болса да, таудай өкпесі болғанын қашан көріп ек! Оның беті аулақ! *(сәл тоқтап)* Ағайынның азары болса да, безері болмас!

Сахна қараңғылана береді де, қайта жанғанда – қисық Қабай нөкерлерімен келе жатқан жандарал Ивановпен қарсы ұшырасады. Дереу қайыстай иіліп, жорғалап отырып, жандаралдың қасына жақындайды.

Қисық Қабай: Тауарыш жандарал, менің сізге оңаша айтарым бар.

Иванов: Өте асығыспын. Тез-тез айта ғой.

Қисық Қабай: Айтсам былай: күйші Әлшекей – байлардың құйыршығы. Оны қолдаушылар – Аралбай, Жәнібек байлар. Ол аз

десеңіз, мына Қаратау жағындағы байлар да оны қолпаштап-қолдап отырғанын тағы да білемін.

Иванов: Сөздің тоқ етері?..

Қисық Қабай: Әлшекейге көп сене бермеңіз. Ол алакүлік адам. Түбі сізге де зияны тиіп кетуі мүмкін.

Иванов: Алакүлік деймісің? Онда Әлшекейді қалың қазақ неге төбесіне көтеріп, жақсы көреді, а? Неге соны қолпаштап, мына сені елемейді?

Қисық Қабай: Өйткені, жандарал мырза, мен кедей адаммын. Мені байлар, болыстар ұнатпайды. Жоқ-жітік біреу деп есептейді. Ал, Әлшекейді...

Иванов: *(сөзді бөліп)* Енді бәрін түсіндім. Қазір асығыс едім. Сен маған ертең келші. Осы жайынан кеңірек кеңесіп алайық.

Қисық Қабай: *(басын ие түсіп)* Құп болады, тауарыш жандарал! Ертең келемін! Тіпті менде сіз танысуға тиіс бірнеше құжаттар бар, соны да ала келейін...

Сахна қараңғыланады.

Үшінші көрініс

Қаратау етегі. Атақты екі бай – Шахан мен Нәлібайдың құдандалық тойы. Осы тойға күйші Әлшекей, ақын Құлан, т.б. өнерлі кісілер көптеп шақырылған.

Той қыза түсуде. Бір тұста ән шырқалып, енді бір тұста палуандар белдесуде.

Осы кезде сахнаға Әлшекей шығады.

Әлшекей: *(көпке үн қатып)* Енді бізге назар салыңыздар. Мен бір күй орындап берейін.

Көпшілік: *(қол шапалақтап)*

– О, мына кісі өте шебер күйші;

– Өткен жылы Ақмешітте де көргем күй тартқанын;

– Ана жолы Төменарықта жандарал Ивановтың өзін таң қалдырып, күй төгілткен.

– Ау, вокзалда суреті ілулі тұрған осы кісі емес пе, а?

Әлшекей домбырасын шертіп, құлақ күйін келтіреді.

Көпшілік енді сілтідей тына қалады. Әлшекей «Аққу кеткен» күйін шертеді.

Осы кезде бір шеттен Нәлібай бай мен Шахан бай көрінеді.

Екеуі сөйлесіп келе жатады.

Нәлібай: Бұл қызықшылыққа Төменарық жағындағы Аралбай бай неге келмей қалды екен, а?

Шахан: Хабар айтып жіберіпті. Бір төтен іс шығып қалды депті.

Нәлібай: *(енді күйшіге қаран)* Оу, Әлшекей, неге мұншалық мұңлы күй шерттіңіз? Осындай ұлан-асыр тойда көңілді күй табылмады ма?

Шахан: Е, Нареке, неге болмасын! Әлшекей күйшінің күйлері кейде толқытады, кейде мұңайтады, ал кейде шалқытады.

Нәлібай: Ендеше, сол шалқыма күйден біреуін тыңдап көрсек ше?

Әлшекей: *(арқалана сөйлеп)* Сұраушы болып жатса, шалқыма күй де табылар бізден...

Осылай дейді де, әуені бөлек, көңілді күйді төнеп тарта жөнеледі.

Жұртишылық у-шу.

Осы кезде Құлан ақынды ертіп, Нәлібайдың үлкен ұлы – Жасыбай бой көрсетеді.

Жасыбай: Орта толсын, ағайын!

Құлан: *(қуақылана сөйлеп)* Тек күй тыңдай бересіздер ме? Сол күй сазын жыр шумақтарымен өрнектеп берсем қалай қарайсыздар?

Екі бай:

– Е, несі бар, тыңдалық!

– Өлең шіркін, жан дүниенді тазартады емес пе!

Құлан:

– Өткір сөз наркескендей қынаптағы,

Айтпауға ішті кернеп шыдатпады,

Ішіме біткен қайнап өнерім бар,

Таусылмас аққан судай бұлақтағы.

Өнердің іште жатқан керегі не?

Сендерге көрсетпесін сынатқалы...

Шахан: *(оны бөліп)* Боу, Құланжан, бұдан өзге жырың жоқ па еді?

Нәлібай: Жан сырын сездіріп жатқан жоқ па? Оны да осылай әдемі кестелеп айта алатындар осы күні өте аз-ақ қой...

Әлшекей: *(күліп)* Менің күйімнің сарыны басқа еді. Бұл шайырларға дауа жоқ. Не жазам десе де өздері біледі, қайтерсіз...

Құлан: Олай болса, ғашықтық жайынан толғап байқайын!

Екі бай:

– Е, сөйтсеңші! Сол дұрыс!

– Соны айтсаң болмас па еді!

Құлан:

– Ғашықтың сөнбейтін от ішімдегі,

Басқаның қиын оны түсінбегі.

Өр келсе, өрге салар бір жоқшыңмын,

Түсің мен құмар қылған ісің мені!..

Шахан: *(оны бөліп)* Апырмау, біз бүгін көбіне қадірлі қонағымыз – Әлшекейді тыңдауымыз керек емес пе! Құланжан, сен осы ауылдың адамысың! Күйге кезек берелікші. *(тебірене)* Күй деген жарықтық ғажап дүние ғой...

Құлан: *(ренжігендей болып)* Онда ықтиярларың білсін! Мен де осымен болдым. Кеттім бұл арадан! *(сахнадан шығып кетеді)*

Жасыбай: *(соңынан қуып)* Құлан аға! Тоқтай тұрыңызшы.

Сахна қараңғылана береді де, қайта жанғанда – Әлшекей екі байдың ортасында отырады. Бұл топтағы тағы бір кісі – Нарынбай шешен.

Нәлібай: Біздің Құлан ақынды айтам да. Әлшекейдің күйін қызғана ма, әйтпесе басқа себебі бар ма – түсінбедім! Мінезі шалт...

Шахан: Е, өнер адамдарын түсініп болмайсың. Бұлардың әлемі мүлде бөлек әлем, Нареке! Сіз бен біздің қиялымызға сыймайды.

Әлшекей: *(күліп)* Жо-жоқ, Құлан інім ғой, арамызда ешқандай бақталастық жоқ. *(сәл тоқтап барып)* Ай, осы ең соңғы ойын-сауығым бола ма деп қауіптенемін.

Нарынбай: Қорқытпашы, күйші! Неден үркіп отырсың, а?

Әлшекей: Ел іші бүлінді! Соңыма түсушілер көп. Әсіресе, ана жолғы Төменарық вокзалындағы оқиғадан соң, мені аңдушы-ізшілер көбейді. Түбі сүріндірер түрі бар.

Екі бай:

– Е, қасқырдан қорыққан тоғайға бармас деуші ме еді.

– Не де болса, елден кетуші болмаңыз.

Әлшекей: Оған айла бар ма? Би-бағландардың өзінің басына бұлт үйіріле бастады ма деп қорқам. Енді домбыра арқалаған мені де аяй ма?

Нәлібай: *(қинала сөйлеп)* Осы сөзі бек рас. Тықыр, Шәке, бізге де таянбаса деңіз.

Шахан: Қой, айдалада отырып, үрей шақыра бермелік. Біз жаңа өкіметке не жамандық істеппіз?

Нарынбай: Жау жоқ кезде жау шақыру – қорқақтың ісі! Дау жоқ кезде дау шақыру – шорқақтың ісі!

Осы кезде сырттан бір кісі бас сұғады. Ол – Жасыбай.

Жасыбай: Ортақ әңгімелеріңізді бұзып жіберсем, ғафу өтінем!

Шахан: Оқа емес! Жайшылық па?

Нәлібай: Не боп қалды, балам?

Жасыбай: Осы қызықшылыққа неге келмеді деп қайтара хабар жібергізіп ем, сөйтсем расымен себебі бар болып шықты.

Екі бай:

– Кімді айтасың?

– Қай қонағымыз туралы?

Жасыбай: Мына Әлшекей ағамыздың туысы – бай Аралбайды айтам да. Аулында үлкен дүрбелең басталған дей ме? Ақтай деген белсенді қисық Қабаймен бірігіп, Аралбай байдың да, басқа игі жақсылардың да үстінен жандарал Ивановтың атына хат түсіріпті.

Әлшекей: *(шошына)* Хат түсіргені қалай? Не кінә тағыпты сонда?

Жасыбай: Ол жағын толық білмеймін. Әйтеуір, Төменарық маңы бүгіндері у-шу деседі.

Екі бай:

– О, тоба, заман не боп барады?

– Арты жақсы болса игі!..

Нарынбай: Е-е, заманың тоза бастаса, ала төбеттің орнына шәуілдек қанден үреді деген осы да! *(Әлшекейге қарап)* Жандарал өзінді тәуір көруші еді. Саған тиісе қоймас!

Әлшекей: Кім біледі? Осы күні сырт адам тұрмақ, қасыңдағы серігіңе де сенуден қалдық қой, Нарынбай аға! *(орнынан тұра беріп)* Қой, ендеше мен елге қайтайын. Бұнда жата бергенім жарамас. Ас-су, құрметтеріңізге бек разымын.

Сахна қараңғыланады.

Төртінші көрініс

Ауыл үйдің жаны. Әлшекей күйші өз аулына қайтуға жиналған. Оны шығарып сап тұрғандар – Құлан ақын мен Нарынбай шешен.

Құлан: Әлшеке, шыныңызды айтыңызшы, осы өнердің ішінде өлеңнің бәсі жоғары ма, жоқ күйдің бәсі жоғары ма?

Әлшекей: Құланжан, өлең деген – өлең! Күй деген – күй!

Құлан: Сөзден тайқыдыңыз! Жауабыңыз екіұштылау болып шықты.

Нарынбай: *(сөзге араласып)* Жә, өнерде өлең де, күй де қадірлі. Бірақ, бәрінің ата-тегі – қазақтың қара сөзі екенін ұмытпаңдар. Ердің көркі – ақыл, сөздің көркі – нақыл!..

Құлан: Күйде тіл бар ма?

Әлшекей: Күй де сөйлейді.

Құлан: Қалай сөйлейді? Кім түсінеді оны?

Нарынбай: Күй тілін жүрек көзімен оқу керек. Көңіл пернесімен қабылдаған ләзім! Сонда әр күй өзінше әңгіме шертеді, сыр айтады, тереңге бастайды.

Әлшекей: Нареке-ай, қалай-қалай толғайсыз? Екі ауыз сөзбен жанымды тебірентіп жібердіңіз-ау! *(сәл тоқтап)* Біздің ауыл жақта қисық Қабай деген бар, ол да өзінше күйші... Ол домбыраны бас-көзге қарамай сабалағанды біледі, сөйтеді де қасиетті күйді қор етеді.

Нарынбай: Ондай шалағай жандар тек күйді ғана емес, қазақтың қара сөзін де былғайды. *(сәл ойланып)* Айта алмастың аузындағы сөз – тұнығы ылайланған судай, айта білгеннің аузындағы сөз – жайқалып өскен нудай.

Құлан: Десе де, сөздің атасы – өлең! Өлеңмен өрілген дүние жүрекке жол табады. Көңіл қылын шертеді.

Әлшекей: Оу, біз не үшін тайталасып жатырмыз? Осы Сырдың жоғары сағасында бір ақын, бір шешен, бір күйші бар екенбіз. Әрқайсысымызға Алланың берген өз сыйы бар, соны қадірлей білсек етті...

Нарынбай: Жөн сөз! Жөн-ақ! *(сәл ойланып)* Ойлаушы азайса, ойбайшыл көбейер...

Әлшекей: Сөзіңіздің астарында ауыр зіл жатқан сияқты ма, Нареке?

Нарынбай: Е-е, қайсыбірін айта берейін. *(сәл ойлана, толғана)* Алайын десе ала алмай, болайын десе бола алмай жүргеніміздің бәрі де – ауызбіршіліктің жоғынан; абыз-ақсақалдарымызға сый, жас жеткіншектерімізге күй жасай алмай келе жатқанымыз да – ауызбіршіліктің жоқтығынан; үш жүзге бөлініп алып, үш тұстан ұлыған қасқырдай, бөрімінез қазағымның тығырыққа тірелгенін көргім-ақ келмейді, қайтейін...

Әлшекей: Апыр-ай, тым тереңнен толғадыңыз-ау, шешен аға!

Құлан: *(өз дегеніне басып)* Ал, өлеңнің жолы да, бағы да биік болатынын әлі-ақ мойындарсыздар.

Әлшекей: *(күліп)* Жарайды! Жырдың орны бөлек, әрине! Құланға әрдайым төр беріп отырсақ, теріс болмас. *(сәл тоқтап)* Қой, мен жолға шығайын.

Құлан мен Нарынбай күйшімен қимай қоштасып тұрады.

Сахна қараңғылана береді де, қайта жанғанда – қисық Қабай Ақтай белсендімен сөйлесіп жатады.

Қисық Қабай: *(қолындағы қағазын шошаңдатып)* Міне, мынаны жазған мен емес, жандаралдың өзі.

Ақтай: Ешкім маңайына жолай алмайтын жандаралға қалай жол тауып жүрсің, Қабай?

Қисық Қабай: «Ізденген жетер мұратқа» деуші ме еді. Жеттік қой әйтеуір! *(сәл тоқтап)* Тағы да айтамын, осы қағаз орындалуы керек.

Ақтай: Оны түсіндім. Екі байды да тұтқындаймыз.

Қисық Қабай: Әңгіме – тек Аралбай мен Жантөре болыс жайында ма? Енді олардың қолтығына су бүркіп жүрген күйші Әлшекей бар.

Ақтай: Күйші ағаның аты бүкіл елдің аузында. Оған қалай қол көтереміз? Бүкіл халық шулап кетсе... не істейміз?

Қисық Қабай: Жалған бедел! Өтірік абырой! Ондай атақ қалай келсе, солай жоқ болады ендеше! *(қағазды жоғары көтере)* Міне, жандарал мырза Әлшекейді де ұстауға қарсы емес. Маған соны сездірді. Мына қағазда "Әлшекей сияқты ел ішіндегі бейпіл ауыз адамдарды да жөнге салып қою керек" деп жазылған.

Ақтай: Тап солай деп жазылса, онда ойланайық.

Қисық Қабай: Ойланатын уақыт жоқ. Дереву тауып алу керек те, қолына кісен салу қажет. *(сосын өзіне-өзі)* Осымен бәрі де бітеді. Әлшекей итжеккенге айдалып кете барады. Елдегі атақты күйші өзім болып қала беремін. Ха-ха!

Сахна қараңғыланады.

Бесінші көрініс

Әлшекей аттан түсіп, енді ғана үйіне кіріп келе жатады. Үстінде жеңіл шапан, басында – бөрік.

Есік алдынан оны милиция қызметкері – Тойлыбек күтіп алады.

Тойлыбек: Ағажан, қайда кетіп қалдыңыз? Екі күннен бері іздемеген жерім жоқ. Сұрау салсам – ешкім білмейді.

Әлшекей: Поу, осы сендердің жаман әдеттерің-ай! Ай, мен де пендемін ғой. Ел аралап қайттым. Тау беткейдегі екі байдың қызықшылығына қатыстым. Сый-құрметін көрдім.

Тойлыбек: Ойбай, осы кез той тойлайтын уақыт па? Елдегі жағдайды естідіңіз бе?

Әлшекей: Е, не боп қалды?

Тойлыбек: Белсенділер қаһарына мініп, зіркілге басты. Аралбай бай төсек тартты, жағдайы өте ауыр. Ал, Жантөре болысты жақын күнде жер аудармақ.

Әлшекей: Қайда? Қай жаққа?

Тойлыбек: Білмедім. Естуімше, Орал жақ деді ме? Әйтеуір, жер түбіне...

Әлшекей: Онда мен Аралбай бауырымның үйіне барып қайтайын... *(қайта бұрылып, сахнадан шығуға беттейді)*

Тойлыбек: Өзіңіз қақпан құрылған апанның аузына бармақсыз ба? Ол жақ аңдулы.

Әлшекей: *(ойлана)* Ендеше, осы қалпыммен бірден жандаралдың өзіне жетіп барсам ше?

Тойлыбек: Бұл шаруа сол жандаралмен келісілген іс секілді! Босқа арандап қаласыз!

Әлшекей: Онда не етпек керек?

Тойлыбек: Ағажан-ау, мен сізге не айтып тұрмын! Сәл кешіксеңіз, сізді де ұстап, қамайды. Тап осы күні біреуді-біреу аяйтын түрі байқалмайды. Аңдысқан уақыт...

Әлшекей: Тағы да айтамын! Қай саясатыңа араласыппын? Қай жерде қисық сөйлеппін? Ел аралап, күй шерткеннен басқа не істеппін?

Тойлыбек: Заманға қарасаңызшы! Сізді бай деп емес, сол байлардың қасында жүрген серігі, қолтығына су бүркуші деп жазаламақ.

Әлшекей: Мұндайды кім айтып жүр?

Тойлыбек: Қисық Қабайдың ауыл белсендісі Ақтаймен сыбырласқан әңгімесін құлағым шалып қалды. Ақтай қазір сізді ұстап, қаматуға әзір тұр. Күтіп отыр десе де болады.

Әлшекей: Қисық Қабай араласты десең, құлаққа кіреді! Ол, әрине, маған әуелден өш! *(ойлана)* Енді не істеймін? Ақылың қалай?

Тойлыбек: Осы бетіңізбен елден жым-жылас тартып кетіңіз. Сонда ғана басыңыз аман қалады.

Әлшекей: Жо-жоқ, туған жерден қалай қашамын? Қалай қиып тастап кетем? Жазығым болса екен! *(күйіне)* Ау, менің кінәм қайсы мына жалпақ ел алдында...

Ашулана, дауыстап сөйлейді.

Осы кезде сахнаға әйелі – Қаракөз шығады.

Әлшекей: *(Қаракөзге)* Сен осында екенсің ғой. Енді іздегелі жатыр едім!

Қаракөз: Не айтпақсыз?

Әлшекей: Ақылдассам ба деп едім... Бір ыңғайсыз іс басталғалы тұрған сыңайлы. Қорқыта бастады мына Тойлыбек...

Тойлыбек: Бұл қорқыту емес, аға! Ащы шындықты амалсыз айтып тұрмын...

Қаракөз: Отағасы, осы қайнымның айтқанын тыңдалық. Бұған балалар да қарсы бола қоймас деп ойлаймын.

Әлшекей: Ә-ә, сенің өзінді де алдын-ала үгіттеп қойған ба? Екеуің келісіп алғаннан саумысың?

Қаракөз: Отағасы-ау, мынадай аумалы-төкпелі қиын заманда қызыл жағалы бола тұрып, ағайыншылығын ұмытпаған Тойлыбекке рахметіміз осы ма? Мұндай жаны таза азаматтар өте аз, тіпті жоқ қой қазірде...

Әлшекей: Тойлыбекке сенбегенім емес. Тек... елден кетіңіз дегені жүрегіме қанжар болып қадалды, біле-білсең! Туған жерсіз қалай күн кешемін? Қалай өмір сүремін, айтшы?

Қаракөз: Әзірше жалғыз кетіңіз. Сақтықта – қорлық жоқ! Сонда ешкім күдіктене қоймайды. Ал, біз балалармен кейінірек қозғалармыз.

Әлшекей: Елден қашты деген не сұмдық! Ертеңгі ұрпаққа не бетімді айтамын?

Қаракөз: Ел іші тынышталар. Заман түзелер. Сол кезде оралармыз елге... Ал, оған дейін бас сауғалау керек-ақ...

Әлшекей: Тығырыққа тірелгеніміз бе осылай?

Тойлыбек: Дұрыс айтасыз, жездеке! Басқа жол жоқ!

Әлшекей: *(ойлана сөйлеп)* Жол жоқ дейсің, ә? Басқа барар жер қалмады демексің бе осы Сыр өңірінде... Ой, жалған-ай! Ой, өмір-ай!..

Сахна қараңғылана береді.

Екінші акт

(Тәжік еліндегі оқиға)

Алтыншы көрініс

Тәжік жеріндегі Қорғантөбе аймағы. Жауан ауылындағы кішкене лашығында Сыр еліне аты мәшһүр, әйгілі күйші Әлшекей Бектібайұлы домбырасын шертіп, үлкен ой үстінде отырады. Туған жерді артқа тастап, мұнда келгеніне де біраз болған. Жүректе – жиі мазалай беретін атажұртқа деген ыстық сағыныш бар.

Осы кезде есік ашылып, ішке толық денелі, екі беті нарттай бір кісі кіріп келе жатады. Әлшекей «соңыма түсіп жүрген тыңшы емес пе мынау өзі?» деп, секемденіп қалады.

Әлшекей: Ой-й... кім едің өзің? Үйге рұқсатсыз баса-көктеп кіріп келе жатқан кімсің, ә?..

Бұл – Әлшекейді сыртынан бұрыннан бері білетін, Қаратау өңіріне әйгілі бай Нәлібайдың үлкен ұлы Жасыбай болатын. Жасыбай күле сөйлейді.

Жасыбай: *(даусын құбылтып)* Уа, күйеу күйші, бұл не қорқыныш? Қоянжүрек болып алғанбысыз?

Әлшекей: *(жүзін шырамытса да, танымай)* Ой, інім, сөзіңді түсінбедім, кімге күйеу екем мен?

Жасыбай: Е, кімге күйеу екеніңізді де ұмытып қалғанбысыз?

Әлшекей: Тайғанақ тағдыр мені аяды ма? Үш рет төсек жаңарттым. Әуелгі екі қайын жұрт сонау қазақ жерінде, Сыр мен Қаратау айналасында, сосынғысы мына Арқа жағында қалған сияқты еді. Өзің кім едің, жазған-ау?

Жасыбай: Ал, тауып көріңіз? Кім екенбіз біз?

Әлшекей: Әй, сен өзің... тілің мен жағыңа сүйенген қу болдың ғой. Жасы жетпістен асқан кәрі шалдан қандай қалжың уәж күтесің, а?

Жасыбай: «Бұқаның өзі қартайса да...» дейтін бе еді қазакем!

Әлшекей: Апырмау, енді сезе бастағандаймын. Сен осы дәу де болса...

Тап осы кезде лашыққа Әлшекейдің Сырзақүлден туған бір ұлы – Дәнебек кіреді. Ол тосын қонақты байқап, қалт тұра қалады.

Жасыбай: *(орнынан тұрып)* Аман-сау бармысың, жиен?

Дәнебек: *(сәл тоқтап)* Сіз менің нағашымбысыз? Тоқта, тоқта! Қазір ғана шырамыта бастадым. Сіз Қаратау беткейдегі атақты бай Нәлібайдың баласы боларсыз?

Жасыбай: Болсақ болармыз! *(сосын Әлшекейге бұрылып)* Әкейді елде жер қойнына бердік. Сосын, басқа амалымыз қалмай, біз де осы жақты бетке алдық. Сіздің ізіңізді ала келіп қоныстанғанбыз...

Әлшекей: *(сөзді бөліп)* Иманды болсын әкең! Жақсы кісі еді жарықтық! *(сосын сәл жымиып)* Е-е, қайын жұрт – хан көтерген қарашамын деп бірден айтпайсың ба онан да! Шетінен қара судан әзіл сүзген, қалжыңқой-қылжақбас болып келуші еді бәрі де...

Жасыбай: Ойпырмай десе, біздің естуімізше сіздің аталарыңыз да осы ауызекі қыршаңқы сөзге қонақ қондыра қоймас дейтін. Аралбай байды да әзілқой, мысқылшыл дейтін. Оның баласы – Жантөрені де...

Әлшекей: Дөп айттың! Аралбай бауырымның айтқыштығы бары рас. Әй, қу тілді еді өзі де... *(ойлана сөйлеп)* Баяғыда-а... оны ертіп, Арқа еліне сапарлап қайтқанымыз бар. Сол сапарда өңкей қыз-келіншектерді әзіл-қалжың сөзімен ерітіп, айналамыздан ұзатпай ұстап отыратын еді. Әттең, ол бауырым да...

Жасыбай: Е, неге өкіне қалдыңыз, жездеке?

Әлшекей: Мына жаңа өкімет Аралбайдың да түбіне жетті ғой.

Жасыбай: Қалайша?

Әлшекей: Кеңес өкіметін ғайбаттап-келемеждеп, сөз таратты деп, тоқпақтың астына алды. Аясын ба өңкей құл-құтан... *(сәл кідіріп)* Сол соққыға шыдай алмай, ішқұса болып, көз жұмды. Ал, баласы Жантөрені Орал жағына жер аударып жіберген көрінеді.

Жасыбай: *(күле сөйлеп)* Бәрін Аралбай ініңізге аударып салып, өзіңіз сүттен ақ, судан таза бола салмақсыз. Сол Арқа жақтағы қыз-қырқынға қырғидай тиген алдымен мына өзіңіз боларсыз, ә?

Әлшекей: Әзілің ауырлап барады ғой, кушақ бала! Тілің қандай қыршаңқы, ә?

Жасыбай: Ақиқат сөз – қашанда ащы! Дәмі кермек, жездеке! *(сәл тоқтап)* Әзілім ғой. Елдің әзіл-қалжыңын сағынып қалған болар деп айтып жатқаным-дағы. *(күледі)* Қой, мен жүрейін.

Дәнебек: Ағатай, тағы да отыра тұрмайсыз ба? Әңгімеңізді тыңдайын. Сіздей нағашым барына қуанамын.

Әлшекей: Ау, бұл не асығыстық! Ең болмаса мына кәрі жездеңнен бір күй сұрамайсың ба? Күй аңсап келді ме десем...

Сосын қолына көне домбырасын алады. Алады да, күй шертеді. «Адасқан қазды» тартады.

Жасыбай: *(тыңдап болып)* Осы күйіңізді тыңдасам болды, туған жер көз алдыма дөңгеленіп келе қалады. Біз де сол бейбақ Аққу сияқты жүрміз ғой жат жерде. Қазақ елі қайда, біз қайда-а!..

Әлшекей: Енді мына жаман жиенінді де тыңдап көрші. Жап-жақсы күйші болып келеді осы күні!

Дәнебек: Мен күй тартайын ба, әке?

Жасыбай: Қане, ойнай қойшы, жиенжан!

Ол күй тартады. Әлшекей аһ ұрады.

Әлшекей: *(күй біте бере, күрсіне сөйлеп)* Обалымыз – елдегі шолақ белсенділерге!

Жасыбай: Осы, жездеке деймін-ау, сол белсенді дегендер көктен түсті ме, қайдан шықты? Оларды өкімет неге сонша қолпаштай береді, а? Түсінсем бұйырмасын.

Әлшекей: Е, соны да түсінбегенің бе? Белсенді деген – заманның қолшоқпары емес пе! «Ұр тоқпағым, ұр!» дегенді естіп пе ең? Міне, бүгінгінің бас жармаққа жаралған тоқпағы – солар...

Жасыбай: Ә-ә, солай ма! Солай екен-ау, бәсе! *(ойлана)* Шіркін, жаңағы күйіңізді айтам да. Елден еріксіз кеткен біздің көңіл-күйімізді дөп басып жатыр. Жүректі дір-р еткізеді бір сәтте... *(ойлана сөйлеп)* Айтпақшы... келген шаруамды да ұмытып барады екенмін. Жездеке, ертең кешке біздің үйге соғыңыз. Әлгі Алдабергеннің баласы – Құлан ақынды ұмытпаған боларсыз...

Әлшекей: Е, неге ұмытайын! Құланды біздің елде танымайтын жан бар ма өзі!

Жасыбай: Алыстан ат шаршатып, сол Құлан ақынның өзі келе қалыпты, емен-жарқын бас қосып отырып, бір көңілді шәй ішелік.

Әлшекей: Ау, ол пері қайдан жүр?

Жасыбай: Елге барып қайтыпты, айтатын әңгімесі мол сияқты. Әдейі ертең кешке ас ішуге шақыртып едім.

Әлшекей: *(ойлана сөйлеп)* Баяғыда-а... Қаратау етегіндегі ақ сарайында құдандалы екі болыс – Шахан бай мен Нәлібай бай Құлан екеуімізді қолқалап, ән салдырып, күй шерткізген кезі есіме түсіп кетті. Мені күйеу демей, төрге отырғызғанын қалай ұмытармын! Ол бір ғажайып, тамаша кез екен-ау, ә! *(сәл тоқтап)* Жарайды. Ертең жетемін. Боламын орталарыңда.

Сахна қараңғылана береді.

Жетінші көрініс

Жасыбайдың үйі. Төрде – Әлшекей күйші, одан берірек – Құлан ақын, сосын тағы да бір топ кісілер. Бір шетте – Жасыбай мен жақын інісі Әбдіқалық. Сөз сөйлеуші – Құлан.

Құлан: Қаратау жақтан күні кеше ғана оралдым. Көнекөз қариялардан ешкім де қалмапты. Шахан бай мен Нарынбай шешен қайтыс болыпты. Көзге ілінер көшелі кісілердің бірі де қалмаған сыңайлы. Аталы сөз айтып отыратын шешен де жоқ... *(сәл тоқтап)* Сыр өзеніне қолымды малып, бетімді жудым. Жарықтық асыптасып, алқына жұлқынып, асыға ағып жатыр Арал теңізіне қарай... Сөйтіп, сағынышымды бастым.

Көпшілік:

– Ой, пәлі! Сырдарияны да сағындық-ау!

– Елде не жаңалық? Жұрт қалай?

– Жағдайлары қалай екен?

Құлан: Әй, жақсарып кеткен өмірді көрмедім-ау! Бәрі де баяғыша... Қоңырқай тіршілік...

Көпшілік: *(шулап)*

– Ау, өзгермегені қалай?

– Сәбет өкіметі кедей-кепшіктің бәрін де жарылқайды деп еді!

– Алдаған сөзі болғаны ма?

– Бұл не мазағы екен?

Құлан: Байларды шықпыртып елден қуып шықты да, өңкей шыққан тегі күмәнді де дүдәмал құл-құтан қалды. Олар не оңдырсын енді! *(сәл тоқтап)* Ел ішінде жоқшылық пен ашаршылық белең алып бара жатқандай. Адамдардың пейілі тарыла түсіпті. Қонақшыл көңілдер қушырылыпты.

Әлшекей: Әй, өзім де ойлап едім. Осының арты жақсы болса деп едім. *(ойлана)* Баяғыда-а... Ақмешіттің басшысы болған Гержот деген сұмырай қара халықты қан қақсатып еді. Оның істемегені қалды ма? Ел ішін ала тайдай бүлдіріп тынған да сол сұм! Көресіні содан көріп едік. *(сәл тоқтап)* Енді міне, ауыл белсенділері шықты. «Жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты!» Өз жауымыз – өз арамыздан бас көтерген не заман бұл?..

Құлан: Әлшеке, осы Қисық Қабай деген қайдан шыққан дәу? Ол неме неліктен сізге өлердей өш?

Әлшекей: Әй, бар сондай бір қисықтау адам...

Құлан: Сол Қисық Қабай сізбен өштескені сол, түбіне жетпей тынбаймын депті. *(сәл тоқтап)* Айтпақшы, Әлшеке, елде Тойлыбек деген милиция бар еді ғой. Сізге жақын іні боп жүретін жігіт ше!

Әлшекей: Ой, ол бір ақылды азамат! Оған не болыпты?

Құлан: Сол Тойлыбекті Ақтай белсенді жоғары жаққа қағаз жіберіп, орнынан алғызыпты. Қашқын байлармен ым-жымы бір, оларға түн жамылып қашуға көмектесті депті. Оның ішінде сіздің де атыңызды атапты.

Әлшекей: Ақтай деймісің? Әкесі аты шыққан ұры деуші еді. Әй, сол Ақтайдың түбі оңбас. Ақыры жақсы болмас! *(сәл тоқтап)* Бұл заман расымен не боп барады? Ары таза адамдарға күн көрсетпеуге айналды ма мына заман? Уһ, жаным-м...

Құлан: Жаңақорған аймағы биыл барынша дүрлігулі. Төменарық жағында қалған жалғыз бай – Жәнібек байды «халық жауы» деп ұстап, жер аударыпты. Мына Қаратау жағынан Шахан, Қасым байларды ұстамақ болғанда бірі – қайтыс болып, екіншісінен қапыда айрылып қалып, сан соғыпты. Енді солардың артында қалған үрім-бұтақтарына қоқан-лоққы көрсетуде.

Әлшекей: Солай ма? Жәнібек інімді де құрыққа ілген екен-ау бұл өкімет... *(жағын таянып отырып қалады)*

Осы кезде Жасыбай сөзге араласады.

Жасыбай: Тау беткейдегі біздің жақын әулетке де тиісіп жатыр ма сонда?

Әбдіқалық: *(сөзге араласып)* Ойпырмай, жаңа өкіметтің екпіні қатты-ақ екен, ә? Қырып салмаса неғылсын!

Құлан: Әй, елде аман-сау қалған әулет бар ма деші! Қай әулет ауқатты, соларды жіпке тізгендей етіп жазып алыпты. Мал-мүлкі дереу өкіметке өтеді, өздері айтқанға көнбесе, дереу тепкіге түседі.

Көпшілік:

– Ой, сұмдық-ай!

– Бұның арты не болар екен?

– Өй, бүйткен сиқыңа болайын Сәбет өкіметі...

Әлшекей: Не болушы еді! Мына түрімен тұра берсе елде береке, адамдарда иман қалмас. Бірін-бірі сатып, біріне-бірі опасыздық танытатын, бірін-бірі итке талатып, отқа итеретін ұрпақ өсіп жетіледі әлі... *(сәл тоқтап)* Әй, сорлы қазақ-ай!..

Жасыбай: *(жартылай әзілмен)* Жездеке, осы сөзіңіз қалай? Неге сорлы дейсіз қазақты?

Әлшекей: Е, сорлы демей не дейін! *(сәл тоқтап)* Ішім сезеді, мына түрімен жаңа өкіметің алысқа жете қоймас! *(сәл ойланып барып)* Елде жүргенде менің туысым Аралбайдың немересі – Бекайдар бір әңгіме айтып еді маған. «Кеңес қызметінде жүрміз-ау, бірақ іштей өзіміз де қорқулымыз, аяғы немен бітерін біле алмай жүрміз. Мына Сұлутөбеден шыққан қыпшақ Мұстафа Шоқайұлы шетел асып кетті деп жазғырады, сол кісі дәу де болса бірдеңені сезді білем!»

Жасыбай: *(сөзге араласып)* Ал, сонда Бекайдар ініңіз не ақыл берді? Өзі Ақмешітке үлкен қызметте болған жоқ па?

Әлшекей: Ол не десін! Бір күнге келді да, кетіп қалды. Түн ішінде сыбырласып қана сөйлестік. Көп ашылып сыр айтқан жоқ.

Жасыбай: *(тұнжырай түсіп)* Тап сондай жағдай біздің де бастан өтті. Әкем Нәлібай қайтқан соң, осы жаққа көшу себебіміз – үлкен ұлым Жәлденге жетіп жығылу болатын. Ол, өзіңіз білесің, Тәжік совнаркомында хатшы еді, аяқ астынан қаза болды. Тіпті еркін отырып сөйлесе де алмай қалдық.

Әлшекей: Жәлден де біздің Бекайдар киген кепті киген екен де...

Жасыбай: Өкімет басында жүргендердің жағдайы солай болса, бізге не жорық? Елден үн-түнсіз зытып отырғанымыз тіпті де дұрыс болды білем. Әйтпесе, кім біледі...

Құлан: *(сөзге араласып)* Дұрысы да бар, бұрысы да басым! Көңіл түкпірінде сартап боп жататын ұлы сағыныш ше? Оны қайда қоясың, Жасыбай-ау! Күні кеше елге барғанда мен былай деп жыр төктім сосын да.

– Көріспей кетіп едік көптен бермен,

Тілектес ағайынбыз шеттен келген.

Біз келдік қара орынға қайта айналып,

Итеріп тастамас деп жек көргенмен!..

Әлшекей: Міне, өлең деп осыны айт! Жүрек сағынышын қалай-қалай термелейді, ә? *(сәл тоқтап)* Сол Бекайдар інім де маған «елден кетпеңіз, осында болыңыз» деп сан рет айтты. Бірақ, тындамадым. Мен, шынымды айтайын, сол 20-жылдардың ортасына қарай Ақмешітке келген партия хатшысы Сұлтанбек Қожановқа көбірек сеніп жүруші ем. Қанқұйлы Голощекин оны да оп-оңай ысырды, орнынан тайдырды. Саяси ойында жеңілген соң, Қожанов Мәскеуге үн-түнсіз кетіп қалды. Сосын жаңа өкіметке деген бар үмітім үзіліп тынды.

Жасыбай: *(жалт қарап)* Сұлтанбек деймісіз? *(кішкене ойлана)* Біздің Жәлден сол Сұлтанбекпен Түркістандағы училищеде бірге оқығанын көп айтатын. Екеуінің тату достығы да болушы еді.

Құлан: Ау, өздеріңіз тым саяси болып алыпсыздар ғой, жүдә!

Жасыбай: Заман бәріне де үйретеді екен.

Әлшекей: *(ойлана)* Жәлден баламды білем, танымын! Әй, өзі өте алғыр болып өсіп келе жатыр еді! Үмітім зор еді, түбі қазаққа жақсылық жасар деуші ем. *(сәл*

тоқтап) Жә, осымен тоқталық. Біз өзді-өзіміз сөйлесіп кетіппіз-ау. Құлан ақынды тыңдалық. Ел жаңалығын естілік...

Құлан: *(қабағын түйе сөйлеп)* Мен ауылдан қатты қамығып, жыларман болып қайттым. Жаным шырқырады елдің қазіргі жағдайын көріп! Әй, мына заман қай заман? Расымен, не боп барады өзі? *(сосын өлең оқиды)*

Бұл дүниеде не ғаріп?
Ақ қалалы боз ғаріп!
Қадірін біліп-ұқпаса,
Дүрлі гауһар сөз ғаріп...
Замандасы болмаса,
Қария болар тез ғаріп!
Қаз-үйрегі болмаса
Айдын-шалқар көл ғаріп!..

Көпшілік:

- Е, біз елге ораламыз ба десек, енді атажұртты көру жоқ десеңізші!
- Қайран туған ел, ақырың не болар екен сенің?..

Әлшекей: *(толғана сөйлеп)* Осы саясатың – соқыр саясат болар! Саясаты соқыр елдің ісі оңа ма? Саясат басында отырғандардың бір көзі, тіпті екі көзі де соқыр ма екен? Әйтпесе, неге жан-жағына қарамайды? Неге бәрін ақылға салып сараламайды?.. Уа, бұл неткен парықсыз билік, а? Бір қазақтың етін бір қазақ жей бастаған сұмдық заман-ай!..

Әбдіқалық: Жездеке! Жездеке деймін, тым қатты кетіп бара жатырсыз... Тоқтаңыз осы жерде...

Сахна қараңғылана береді.

Сегізінші көрініс

Әлшекей үй ішінде балалары – Қарабала мен Дәнебекке күй үйретіп отырады. Екі ұл әкесінің домбыра шертісіне ұйып қарап, ұн-түнсіз қалған. Күйшінің саусақтары домбыра ішегінде ойқастап-ойқастап кетеді.

Әлшекей: *(күйді үзін)* Еһ, шіркін, бұл қазаққа асып-тасып, шалқи төгілетін күй өнерін дарытпаса, қалай күн кешер еді, а? Домбыраны бермесе, қайтер еді, а? *(сәл тоқтап, ойлана)* Ілгеріде... Шам қаласында біздің қандасымыз, Отырар деген шаһарда шыққан атақты Әбунасыр әл-Фараби өмір кешіпті. Сол атамыз алғаш рет мына қасиетті домбыраны ойлап тауып, өзінше күй шерткен екен.

Балалары:

- Әке, ол қай кез?
- Қай заман?

Әлшекей: Е, одан бері ондаған ғасыр уақыт өтіп кеткен көрінеді.

Балалары:

- Әке, сонда Әбунасыр да күйші болған ба?
- Ол да күй шерткен бе?

Әлшекей: Ол – үлкен ғалым. Көп кітап жазған ғұлама кісі!

Балалар:

- Әке, сіз күйді қалай үйрендіңіз?

– Неше жасыңызда күй шығардыңыз?

Әлшекей: *(ойлана сөйлеп)* Тап қазір есімде жоқ, осы күй шығаруды шамамен 14-15 жасымда бастадым-ау деймін. Ең алғашқы күйім «Ақсақ тоқты» болған. Ой, оның тарихы өте қызық. *(күледі)*

Дәнебек: Е, білем! Қасқыр жаралап кеткен тоқтыны аман алып қалғанда шығарғаныңыз ба?

Әлшекей: Мен айтпай-ақ біледі екенсің ғой. Сол кезде дүниеге келген. Қазір тіпті өзім де ұмыта бастаппын.

Қарабала: *(сөзге араласып)* Одан кейін «Тепеңкөкті» шығардыңыз ә?

Әлшекей: Дұрыс айтасың, балам? *(сәл тоқтап, толғана)* Шіркін, туған жердей жер бар ма? Оның шын қадірін кісі алыс кеткенде ғана сезінеді екен-ау! Ал, адамдар... ақжарқын адамдары ше?

Сахна қараңғылана береді де, қайта жанғанда – тар үйде Әлшекей күйші бай інілері Аралбай және Жәнібекпен сөйлесіп отырады.

Аралбай: Әлшеке, сіз өнер майталманысыз. Біздегі байлық – бір жұттық, ал өнер – мәңгілік! Неге қамығасыз?

Әлшекей: *(ойлана)* Әттең, осы қасиетті күй өнерін ертең кім жалғайды? Кім келер ұрпаққа жеткізеді – сол арман!

Аралбай: Туады! Туып жатқан жоқ па өнерлі жастар...

Әлшекей: Бары бар-ау, әй, бірақ...

Аралбай: Мына Теріскей бетте Сүгір деген сабаз күйші бар. Жаныңызда Бөпе күйші жүр. Ол аз десеңіз – қайын жұртыңыздан шыққан Әбдіқалық кімнен кем? Ол да аз көрінсе – өз ұлыңыз – Қарабала өсіп келеді.

Жәнібек: *(сөзге араласып)* Аға, сіздің күйлеріңізді мәңгі есте қалдыру үшін не істеу керек? Айтыңыз, мен мол байлығымды аямайын осы жолға...

Әлшекей: Е, бауырым-ай, талантты байлықпен жасауға бола ма? Ол – Алланың берген сыйы...

Жәнібек: Осы аймақтағы күй тарта білетін барлық өнерлі жастарды жинап, сізден сабақ алдырсақ ше? Күй мектебін ашсақ ше?

Әлшекей: *(күліп)* Заман мынау! Уақыт оны көтере ме, қарағым!

Аралбай: Жарайды. Оның бір айланы болар. Өз денсаулығыңызды күтіңіз, аға...

Сахна қараңғыланып, қайта жанады. Әлшекей балаларының жанында мұңайып отырады.

Осы кезде бұлардың жанына немересі – Жидебай жүгіріп келеді.

Жидебай: Ата, ата деймін! Біздің аулымыз алыста ма?

Әлшекей: Алыста. Сонау Сыр елінде, құлыным!

Жидебай: Онда біз неге бұл жақта жүрміз? Неге елге қайтпаймыз?

Әлшекей: Оған жағдай бар ма, балам! Ел іші бізді өгейсітті ғой...

Жидебай: Қалай? Қайтіп?

Әлшекей: Солай! Сендер керек емессіңдер деді.

Жидебай: *(жалт қарап)* Оны айтқан кім? Қандай жаман адам, ата?

Дәнебек: *(сөзге араласып)* Әй, сенің сұрағың көбейіп кетті ғой. Бар, ойна ана жаққа...

Әлшекей: Қой, ұрыспа балаға! Ол әлі жас, көп нәрсені түсінбейді. *(сәл тоқтап)* Өзіңді қалай аялап өсіріп едім. Анаң Сырғакүл сені босану үстінде дүние салды. Арманда кетті байғұс! Сол бір ауыр күндерді ұмыту мүмкін бе, сірә! *(ойланып қалады)*

Дәнебек: *(сөз тыңдамай, ашулана)* Ауылды еске салып... Онсыз да ішіміз алай-дүлей!.. Ертеңгі күніміз не боларын білмей отырғанда...

Әлшекей: Е, балапандарым-ай! Заман тап осылай бұлғандап ала жөнелер деп кім ойлаған? Осылай тұра бермес! Баяғыда шешен Нарынбай ағам «Көп жоқшылыққа – бір тоқшылық, көп асқанға – бір тосқан» деп көп айтушы еді. Жөнделер әлі! Жөнге түсер бәрі де...

Осы кезде есік қағып, бір кісі кіріп келеді. Ол – осы тәжік елінің белгілі өнерпазы, Әлшекейдің тамыры – Мырза жүге!

Әлшекей: О-о, Мырза жүгемісің? Өзіңді көрмегелі көп болды, кел, төрлет! *(балаларға)* Сендер тысқа бара тұрындар. Қатындарға айтындар, дәм әзірлесін.

Балалар мен немерелер шығып кетеді. Мырза жүге екеуі ғана қалады.

Мырза жүге: Өзіңіз де хабарсыз кеттіңіз ғой, күйші аға?

Әлшекей: Е, бізде не қауқар! Сексен жас аз ба? Аяқ ауырлады. Дене көтертпейді. Өкпе-бауыр өгейлік таныта бастады.

Мырза жүге: *(Әлшекейге сыбырлай сөйлеп)* Өткенде ана Жасыбай деген байдың үйінде бас қосыпсыздар, ә!

Әлшекей: Болды ондай отырыс!

Мырза жүге: Артық-кем әңгімелер де айтылыпты.

Әлшекей: Оны кім айтып жүр?

Мырза жүге: Е, ел құлағы – елу демей ме!

Әлшекей: Бардық! Бас қостық! Сөйлестік. Ал, не?

Мырза жүге: Сол отырысқа қазақ елінен артында шаласы бар Құлан ақын да келген дей ме?

Әлшекей: Ал, келді! Ал, не?

Мырза жүге: *(сыбырлап)* Араларыңызда сөз аңдыған тыңшы бар. Болған әңгімені жоғары жаққа ертеңіне-ақ бұлжытпай жеткізіп үлгеріпті. Аудандағы басшылар хабардар. Енді қабақтары қатулы. Сізге де зияны тиіп жүрмесе...

Әлшекей: *(қорқа сөйлеп)* Мен не деппін? Бар айтқаным – елдегі жоқ-жітік халықтың мүшкіл халі. Сорлыларды аяйтын ешкім жоқ дедім.

Мырза жүге: Елдегі өкімет сеніп отырған белсенділерді қаралап сөйлепсіз.

Әлшекей: Е, Ақтай деген жандайшаптың өзім білетін ерсі мінезін тілге тиек еттім. Немене, сол үшін де жазықты боламын ба? Тіпті жақ ашуды қоямыз ба енді?

Мырза жүге: Сол әңгімені бекер айтқансыз. Мұны жоғарыдағылар «билікке қарсы сөз» деп ұғады. Сыныққа сылтау деген – осы!

Әлшекей: *(ашулана)* Е, десе дей берсін. Онсыз да кінәсіз атыма күйе жағылған, қара дақ молынан жағылған. Елден сол үшін қашып шықтым. Енді не жасыарым бар!..

Мырза жүге: Әлеке, олай деменіз. Сіз – күйшісіз. Ол тек қазақтың маңдайына біткен ғажайып өнер. Сіз – халықтың қазынасын жинаушысыз. Сіз бізге де, барша халыққа да керексіз. Қазақ-тәжік қазынасы ортақ ел!

Әлшекей: Әй, қайдам! Мен де, менің күйім де қазір еш қадірсіз. Басынан бағы ұшқан бейбақ жанмын. Ел қайда, біз қайда?..

Мырза жүге: Е, сізді біздің тәжік жұрты сыйламай жүр ме? Күйіңізді қадірлемей отыр ма? Өткенде қара базарда күй тартқаныңызда бүкіл ел бас шұлғып, талантыңызға бас имеді ме? Өз көзіңізбен көрдіңіз ғой соны!

Әлшекей: Сол Қара базардағы қалың нөпір менің күй өнеріме тәнті болды ма, жоқ әлгі жас жігітке – Қалдан деген палуан балаға қол соқты ма? Ол өзі қарсы келгенді алып та жықты, шалып та жықты...

Мырза жүге: Қалдан? Ол кім?

Әлшекей: Біздің елдің баласы. Айтпақшы, өзің білетін Жасыбайдың бір ұлы ол да. Кезінде, елде жүргенде Қажымұқан палуанмен белдесіп, өнер көрсеткен деседі оны!

Мырза жүге: О-о, онда осал болмады. Қажымұқан да бір кезде бұл жерге келіп, өнер көрсеткен бір жылы. бірге отырып, шәй ішкенбіз ол кісімен. Расымен, алапат күш иесі екен өзі де! Нағыз палуан! *(сәл тоқтап)* Сіздің күйіңіз де алапат! Базардағылар әлі күнге таңдай қағып, тамсана сөз қылады. Өзіңізді қолдап-қолпаштап, ұзақ қол шапалақтағанын қалайша ұмыта қалдыңыз, Әлшеке?

Әлшекей: Әрине, байқадым! Есімде ғой. Қара халыққа не өкпе! Әттең, билік басындағылар да сәл-пәл сезім дүниесінен хабардар болса деп арман етесің.

Мырза жүге: О-о, олар да біледі хас талантты! Олар да байқайды шын жүйрікті! Тек... өтірік көрмеген болады. Өйткені билік үшін тым ықпалды, аса талантты адамдар көп қажет емес...

Әлшекей: Сонда-а... билік үшін біз тірі өлікпен тең болғанымыз ба? Қадір-қасиеттен мүлде айрылған жандармыз ба?

Мырза жүге: *(сабырға шақырып)* Сіз... қызбаланбаңыз. Сіз қазір билік үшін саяси жағынан қауіпті адам болып отырсыз. Әсіресе, кешегі бас қосудан соң... Енді бас сауғалай тұрғаныңыз дұрыс болар деп білемін.

Әлшекей: Қайда?

Мырза жүге: Қаласаңыз, менің ауылыма жасырына тұрыңыз. Әйтпесе...

Әлшекей: Өз басымды аман алып қалғанда не болмақ? Мұнда қатын-бала, өңкей келін-кепшік...

Мырза жүге: Оларды да алып жүріңіз.

Әлшекей: Олармен қайда сыямыз? *(сәл тоқтап)* Қой, Мырза тамыр, сенің риясыз көңіліңе көп рахмет! Ауырып-сырқаған кезімде ас-су бергенсің. Оны ұмытармын ба? Ал, бұл жолы көп әуре болмай-ақ қой. Өлсем осы жерден бір уыс топырақ бұйырар. Разымын соған...

Мырза жүге: Әлі де ойланыңыз. Бірер күннен соң тағы да келем. *(орнынан тұра береді)*

Сахна қараңғылана береді де, қайта жарық жанғанда – бір шеттен Тойлыбек милиционер бой көрсетеді.

Әлшекей: *(оған ұмтыла түсіп)* Қарағым Тойлыбекжан, сен туралы сөз естідім. Қызметіңнен айрылып қалғанбысың?

Тойлыбек: Солай болды, аға!

Әлшекей: Кім? Кім кінәлі?

Тойлыбек: Кім болушы еді, тобықтан шалатын жау арамызда жүр екен ғой!

Әлшекей: Сонда кім?

Тойлыбек: Әлгі ұрының ұлы – Ақтайды ұмытпаған боларсыз. Соның әрекеті...

Әлшекей: Оған не жаздың? Неге сенімен жауласады?

Тойлыбек: Жауы мен емес, сізсіз! Бұл – сізге айтылған оқ! Ақтайдың қолтығына су бүркуші – өзіңіз білетін қисық Қабай!

Әлшекей: Енді түсіндім. Қисық Қабай әлі де менің қыр соңыма түсіп жүр екен-ау. Әй, кекшіл неме...

Тойлыбек: Аға, оған не жаздыңыз? Несін алып едіңіз? Неге сізге қырын қарай береді, а? *(сәл тоқтап)* Айтпақшы, ол Қорғантөбеге өзінің жансызын жіберіпті деп естідім. Сіз де аса сақ болыңыз. Реті келсе, өзіңізді кісендеп, елге алып келіп, жазаламақ ойлары да бар...

Әлшекей: Қисық Қабай ма? Сол ма? *(сәл тоқтап)* Өмірдегі тайталас секілді бұл өнерде де бақталастық жетіп-артылады. Ол жақсы күйші бола алмады. Енді болмайтын да шығар! Бәрі де соның күйігі...

Тойлыбек: Талант – Жаратқаннан берілмес пе! Оны неге түсінбейді екен. Неге мойындамайды екен, а?

Әлшекей: Қисық Қабай секілділер қай елде де, қай жерде де бар. Бола да береді. *(сәл тоқтап)* Нарынбай ағам «Жақсының жолы – кілт, жаманның өмірі – кілт!» деп айтушы еді. Ал, інім, қатты қапаланба! Түбі әділдік жеңеді. Өзің таза болсаң, ақыры жеңесің. Осы сөзім-сөз.

Елес жоғала береді.

Сахна қараңғыланады.

Тоғызыншы көрініс

Мырза жүге кетіп қалған. Әлшекей күйші оңаша қалған сәт. Енді әйелі – Қаракөз кіреді.

Қаракөз: Ойбай-ау, біз ас әзірлеп жүрсек, сыйлы қонағыңыз кетіп қалған ба, отағасы? Келуінен кетуі жылдам екен өзінің!

Әлшекей: Олай деме. Тамақ іздеп, қарын тойғызуды ғана ойлап жүр деймісің! Мырза жүге – менің тамырым! Осындағы ең таза, ең әділ тәжік. *(сәл тоқтап)* Оның айтуынша, кешегі Жасыбай байдың үйіндегі басқосудағы әңгімелерді біреу жоғарыға жеткізіп те үлгеріпті. Аудандағы басшылар өте ренжулі дейді.

Қаракөз: Сізге сол кесірлі ауылға бармай-ақ қойыңыз деп едім. Онсыз да артында әңгімесі көп ел...

Әлшекей: Сонда қалай, өзіміз баяғыдан сыйласқан, аралас-құралас болған атақты Нәлібай байдың әулетінен де күдіктенуіміз керек пе? Мен Нәлібай баймен бір емес, бірнеше рет табақтас болғам. Өте көшелі кісі болатын. Текті тұқым-ды.

Қаракөз: Атасы жақсының баласы да жақсы болады деп кім айтады? Бір атадан ала да, құла да туа бермекші.

Әлшекей: *(ойлана)* Әй, өзім де... Қызды-қыздымен мына жаңа өкіметке де тілім тиіп кетті ме? Осы саясатқа араласпайын-ақ деймін. Бірақ, амалсыз араласып кетесің.

Қаракөз: Сізді ұстап әкетсе, біздің күніміз не болмақ? *(жыламсырайды)*

Әлшекей: Тәйт! О, несі-әй! Мен әзір отырмын ғой, аманмын ғой. Сонша жаманшылық шақырып... *(сәл тоқтап)* Бәрін де уақыт айқындайды. Кімнің ішінде арамдық бар – ол да ашылады аз күнде...

Қаракөз: Мені... менің күй өнерімді шын түсінетін өзіңсің деп көп айтушы едіңіз, отағасы!

Әлшекей: Е, сол сөзімнен айныппын ба? Қашан тайыппын?

Қаракөз: Аузыңыз айтпаса да, көңіл салқындығын сеземін. Әйелден ештеңені де жасыра алмайсыз.

Әлшекей: Поу, солай ма еді? Мен сонда сенің күйге деген ыстық ықыласыңды ұмытып жүрмін бе, а?

Қаракөз: *(қылымси)* «Күй мен Қаракөзім егіз» деп елжірей айтатын баяғы қабағыңызды сезіне алмаймын. Лебізіңіз де құрғақ, жайдақ. Жүрегімді еріте алмай жатады.

Әлшекей: Мен сені өзімнің әсем күйімдей көріп, әуелете қадірлеп, құрметтеп-қосылғам. Сонау Арқадан елге қоңыраулатып әкелгенімді ұмыттың ба?

Қаракөз: Ұмытқам жоқ. Қайта сол күндерді сағынамын. Сол шақтағы қабақпейіліңізді де аңсаймын.

Әлшекей: *(өзіне-өзі)* Ойпырмай, мен өзі шынымен-ақ қартая бастағаным ба? Кәрілікке бой үйретіп бара жатқаным ба? Әйтпесе, бұл не? Расымен, күй мен қатынның бабын табуды ұмытып қалғандаймын-ау, бәтшағар! Қой, бұл болмас-с... *(енді Қаракөзге қарап)* Мен әлі де сол Әлшекеймін. Саған күй тартып берейін бе?

Қаракөз: Тартыңыз. Сіздің орындауыңызда күй тыңдамағалы да қанша уақыт...

Күй әуенімен ілесе сахна қараңғыланады да, жарық сахнаның бір шетіне түседі.

Қаракөлеңкеде екі кісі сыбырласып сөйлесіп тұрады.

Қара киімді: Мен алыстағы Қазақстаннан ұзақ жол жүріп, ерігіп келгем жоқ. Жаңа өкіметтің сенген өкілі – Қабай ағамның тапсырысымен жүрмін, біле-білсең! Сен, бала, бәрін жасырмай айт. Кеше маған толық мәлімет бермепсің. Жасыбайдың қара қойшысы ғана емессің, сен жаңа өкіметке сөз жәрдем жасап жүрген тыңшысың. Бұл еңбегің кейін ескеріледі. Тиісті марапат аласың!

Қара қойшы: Ойбай-ау, мені ішке кіргізе ме? Сыртта тұрып, тың тыңдаймын. Бар естігенім сол ғана.

Қара киімді: Әлшекейдің не дегенін ұқтым. Ал, ана басасау ақын Құлан ше? Ол өкіметке қарсы қандай өлең оқыды?

Қара қойшы: Оны да шала-шұрпы естідім. Ұмытып қалдым.

Қара киімді: Ал, Жасыбай жайынан сөйле! Ол аузын бұған өгіздей, алаңсыз үндемей отырды ма? Ол мүмкін емес. Ол жаңа өкіметті өлердей жек көретін адам, сөйлемей қалуы күдікті.

Қара қойшы: Жасыбай бай да бірнеңе деп күбірлеп жатқан, сол кезде күлкі көбейді, ештеңе тыңдай алмадым. Тек құлағыма жеткені: «Кеңес өкіметіне бұдан былай еш сенуге болмайды» дегені. Сосынғысы... түсініксіз болып кетті...

Қара киімді: Әй, сен де... Саған сеніп жүрген мен де... *(жалт бұрылып, кетіп қалады)*

Сахна қараңғыланады.

Оныншы көрініс

Әлшекей үйде жалғыз, әлдекімді асыға күтулі. Жары Қаракөз бір кіріп, бір шығады.

Әлшекей: *(әйеліне)* Әй, көріне ме өзі?

Қаракөз: Е, уәде етсе келе жатар. Оған несіне шала бүлінесіз?

Әлшекей: Шұғыл хабарым бар деп еді. Сонысы не болды екен, а? Әй, жайшылық болса жарады...

Қаракөз: Не де болса, келген соң біле жатарсыз. Мен базарға барып келе қояйын. *(шығып кетеді)*

Артыниша үйге Жасыбай кіреді. Қасында – інісі Әбдіқалық. Екеуінің де түсі сұп-суық.

Әлшекей: *(Жасыбайға)* Ұзақ күттім ғой өзіңді.

Жасыбай: Жеткенім осы! Мына аты құрғыр да тепеңдеп... Жолай Әбдіқалық кездесті. Қасыма ертіп алдым.

Әлшекей: Ал, сөйле! Не хабар?

Жасыбай: Сұмдық, жезде!

Әлшекей: Не сұмдық! Айтсаңшы тезірек!

Жасыбай: Ел жақтан жеткен суыт хабардан қорқайын дедім.

Әлшекей: Ал, соған көшші?

Әбдіқалық: Ойбай, сұмдық хабар! Естігенде жағамды ұстадым.

Жасыбай: Ел жақтан қуғыншы-ізшілер шығыпты деседі. Елден қашқандарды бір-бірлеп ұстап, қайтадан елге жетелеп апарып, жазасын тарттырмақ. Жаңа өкіметтің талабы осылай деседі.

Әлшекей: Ой, сұмдық-ай! Өткендегі Құлан ақынның сөзін құлаққа ілмеп едік!

Жасыбай: Жақын күнде із жасырып, тау ішіндегі ешкім таба алмас бір мекенге бас сауғаласақ деп ұйғарып отырмыз. Сіз де қаласаңыз, бізбен бірге жүріңіз. Не қиындық болса да, бірге көрелік.

Әбдіқалық: Біз де осыған көніп, тәуекел еткелі тұрмыз. Енді сіздің жауабыңызды білгіміз келеді.

Әлшекей: *(ойлана)* Өзің білесің, Жасыбай, өткенде екі бірдей немерем бірінен соң бірі шетінеп кетті. Оларды осы араға жерледік. Енді оларды қалай тастап кетпекпін? Ойласам болды, ішім алай-дүлей! Басым зеңіп кетеді. Балапандарым-ай!.. *(сәл тоқтап)* Әйтпесе Дәнебек те, Қарабала да осыны айтып еді. Сөздеріне құлақ қоймадым.

Жасыбай: *(толғана)* Өттең, сіз менің сөзімді жерге тастамас деп шын сеніп келіп ем. Қанша дегенмен қанымыз бір, еліміз бір! «У ішсең – руыңмен!» деуші ме еді.

Әлшекей: Оны түсінем! Бірақ, сендерге ере алмаймын. Жасым да келіп қалды. Әл-дәрменім де жоқ. Оның үстіне – қос құлыным... *(көзінің жасын сүртеді.)*

Әбдіқалық: Қап, әттеген-ай! Осылай айтарыңызды біліп едім өзім де... *(күбірлен)* Апамыз Сырғакүл өмірден өткелі бері бізге салқындап бара жатқандайсыз ба, қалай?

Әлшекей: Онсыз да бітпей жүрген ауыр жараның бетін тырнамашы, Әбдіқалық!

Әлшекей қабырғада сүйеулі тұрған домбыраны алып, әлдебір мұңлы күй тартады.

Жасыбай мен Әбдіқалық сол мұңлы күйге елітіп, үнсіз отырып қалады.

Осы кезде үйге Құлан ақын кіреді.

Құлан: Ау, Жасыбай, Әбдіқалық, немене көзі тірісінде кәрі жезделеріңе еркелеп қалайын дедіндер ме? Жатыстарың жайлы ғой тіпті...

Әлшекей: Е, еркелесе артық па екен! Сексенге тақаған шалға еркелемегенде, енді кімге еркелесін!

Жасыбай: Әй, Құлан аға-ай, осындай өткір тіліңіз болмаса, адуын ақын атанарсың ба?

Әлшекей: *(күле түсіп)* «Құлан келді дегенше, жылан келді десейші» деп елде сөз қылады екен баяғыда...

Құлан: *(жастыққа жантая беріп)* Оны қоя беріңіздер! Мен өте сұмдық жаңалық естіп келдім. Әлшеке, Сыр бойындағы ел іші ала-құйын деседі. Ашаршылықпен ілесе енді «халық жауы» деп ел жақсыларын бір-бірлеп ұстап әкетіп жатқан көрінеді. Әлгі сіздің... Тойлыбек деген ініңізді де қолына кісен салып, абақтыға қамап тастапты. Енді арнайы өкілдер сайлап, жер-жерге жібере бастапты. Елден қашқандарды ұстап әкелуге...

Жасыбай: *(санын соғып қалып)* Міне, мен де соны айтып отыр едім. Құлан ағам да естіген екен, әне!..

Әлшекей: Тойлыбекті қаматса, онда іс насырға шауыпты. Белсенді Ақтай мен қисық Қабай ауыз жаласты деген сөз. Ел іші бүлінді деген осы! Әй, көктемегірлер-ай, ә?..

Осы кезде үйге Мырза жүге келіп кіреді. Өзі әлденеге абыржулы.

Әлшекей: Оу, тамыр, жүрісің тым суыт қой. Не боп қалды?

Мырза жүге: *(Құланға қарап)* Мына кісінің көзінше айта берейін бе?

Әлшекей: Бұл – Құлан ақын, өзімнің тете інім! Айта бер.

Мырза жүге: Сіздердің соңдарыңызға түсіп жүрген кісінің кім екені ашылғалы тұр. Бір ұшын тауып тұрмын.

Әлшекей: *(елең етіп)* Апыр-ай, ол кім? Кім екен, а?

Мырза жүге: Ол адамның атын әзір анықтаған жоқпын. Білетінім – ол мына Жасыбай байдың қойшы-қолаңымен ауыз жаласқан.

Жасыбай: *(шошына сөйлеп)* Мүмкін емес! Мен қойшы-қызметшілеріме сенемін.

Құлан: Е, айтпадым ба! Жау алыста болмайды, ол өз ішімізде.

Әлшекей: Бәсе десе! Неге ғана екі ауыз сөз айтсақ, жалпақ жұртқа жария болып кете береді деп ойласам...

Мырза жүге: Естіп-білгенім – әлгі сумақай тыңшының сіздің елмен, Қаратау жақтағы елмен тікелей байланысы бар екені. Оған тапсырма жүктеуші – әлде Қабаев, әлде Ақтаев...

Әлшекей: Болды. Түсіндім арғы жағын... *(сосын толғана сөйлеп)* Қайда барсам да, қыр соңымнан қалмай қойды-ау! Әй, тегіне түкіріп, қадірі қашырға қазағым десе! Жандаралдардың алдында ұршықша иіріліп, жәй халықтың арасында

да оңайбаттанып шыға келетін мінезін-ай осы! Мына түрімен менің де басымды жалмап тынар бұлар! Әй, сөйтеді! Сөйтпей тоқтар ма? Тоқтамас! Тоқтамас!.. (ашуға булыға, жөтеледі)

Жанындағылар күйшіні сүйемелдейді.

Сахна қараңғыланады.

Сахна қараңғылана береді де, қайта жанғанда – Әлшекейдің үйі. Ортада – кәрі күйші, жан-жағында бала-шаға, туған-туыстар.

Көпшілік:

– Әлшеке, басыңызды көтеріңіз!

– Сіз біз үшін қара нардай қайратты жансыз.

Әлшекей: Ау, мен қайда кеткелі жатыр екем! Орталарыңдамын. (сәл тоқтап, ым жасап) Әкелші ана қара домбырамды...

Бір жігіт домбырасын әкеліп, қолына ұстатады.

Әлшекей: (толғана) Ертеректе, Сыр бойынан аттанып кетіп бара жатқанда шерткен күйім еді. Аты – «Толқын» болатын. «Толқын» күйін ойласам, Сыр елі есіме түседі. Өмірден ерте озған екі бірдей жарым – Шолпан мен Сырғақұл ойға оралады. Бірі – Таманың, бірі – Қарашаның қызы еді. Екеуінен де ұрпақ көріп едім. Ой, бейшаралар-ай! (тоқтап қалады) Сол «Толқын» күйі тағы да есіме түсіп, бойымды буып бара жатыр. Соны орындап көрейін...

Күйші «Толқын» күйін құйқылжыта шерте бастайды.

Саусақтар қос ішекте жарысып кетеді.

Күй орта жолдан асып, аяғына енді жете бергенде... аңыз-күйшінің саусақтары босап, өзі де теңселе түсіп, жастығына жантая береді.

Көпшілік шу-у ете түседі.

Сахна қараңғылана береді де, жарық сахнаның бір шетіне түседі.

Оңашада – екі кісі кездесіп тұрады.

Бұлар – өткен жолғы Қара киімді мен Қара қойшы.

Қара киімді: Шыныңды айт, олар қашан аттанбақшы? Қазақ жерінен қашқандай, із-түзсіз жоғалтып алармыз. Айт білетініңді...

Қара қойшы: Кетсе, кетіп-ақ қалсын! Соның өзі жақсы емес пе! Айрылып қалдық дей салсақ ше?

Қара киімді: Ой, есуас! Мен сонда абырой-атағы дардай Қабай ағаға не бетімді айтамын? Қане, қашан? Айт деймін...

Қара қойшы: Жақын күндерде. Ары кетсе 2-3 күнде...

Қара киімді: Жасыбай жалғыз кетпейді, ол жанына Әлшекейді де, Құланды да, тағы басқаларды ерте кетеді.

Қара қойшы: Ол жағын толық айта алмаймын.

Қара киімді: Ең болмаса, қашуға бел байлаған күнін нақтыла! Соған көмектес.

Қара қойшы: (зар жылап) Онсыз да бәрі менен күдіктене бастады. Мені босатшы осы істен! Жайыма кетейін. Қарамды батырайын.

Қара киімді: Соңғы тапсырманы орындайсың! Сосын бас еркінді берем. Ал, оған дейін дымың ішінде болсын. (сәл тоқтап) Егер сыр беріп қойсаң, басыңды өзім аламын. Айтпады деме...

Қара қойшы: Жақсы! Келістім. Тек соңғы рет...

Сахна қараңғыланады.

Эпилог (Көрініс аралас монолог)

Барлық жүктерін буынып-түйініп, енді ғана жолға жиналғалы жатқан Жасыбай әулетіне суық хабар жетеді.

Хабаршы: Уа, әлеумет! Мына фәниден атақты күйші Әлшекей де өтті!

Жасыбай: Не дейді! Суығын-ай мына хабардың! *(енді міне берген атынан қайта түседі)*

Балалары:

- Әке, жолға жиналып қойдық, тоса алмаймыз!
- Енді кешіксек, бірдеңеге ұрынарымыз хақ.
- Ес жинаңыз, әке!
- Көшті тоқтатпайық, әке!

Жасыбай: *(толғана)* Жоқ, балаларым мен Әлшекей жездеме топырақ салмай, ешқайда кете алмаймын. Ол – арыма сын болады.

Балалары:

- Әке, онда кеш қаламыз!
- Қолға түсіп қаламыз, әке!
- Білесіз ғой бәрін де!
- Жағдай өте қиын боп тұр ғой қазір...

Жасыбай: *(бұйыра сөйлен)* Ал, жирен атты ерттендер. Мен Әлшекейдің қаралы үйіне барамын. Тезірек жетуім керек...

Сахна қараңғыланады да, қайта жанғанда – Жасыбай Әлшекейдің үйінде көңіл айтып, мұңайып отырады.

Жасыбай: *(толғана сөйлен)* Әлшекең – нағыз өнер дүлдүлі ғана емес, ол бүкіл елге ес болған қария еді. Ақылы телегей-теңіз болатын. Қандай мәселеде де ойы бәрімізден озық-ты. Ал, күйлері...

Көптің бірі: Ол үзілер алдында өзінің ең жақсы көретін күйі – «Толқынды» орындады. Сол күйді аяқтай бере үзіліп жүре берді.

Жасыбай: Е-е, жарықтық, елге деген сағынышын осылай шығарған екен де! Егер осыдан елге аман-есен жетер болсам, сөзсіз Әлшекеңнің есімін халық жадында сақталып қалуына күш саламын. Осы сөзім-сөз!

Осы сәтте тыстан дүбір естіледі.

Суыт жүрісті, екі-үш аттылы қызыл жағалылар болып шығады.

Сырттан естілген дауыс: «Ойбай, қызыл жағалылар келіп қалды!» Тағы бір дауыс: «Ішінде қисық Қабай да бар ғой, ол қайдан жүр екен, а?» Тағы бір дауыс: «Қисық Қабайдың жүрмейтін жері болушы ма еді, заман осылардыкі болып тұр ғой!»

Қисық Қабай: *(дауыстан)* Қашқын Әлшекей мен қисық ақын Құлан шықсын бері! Олар тұтқындалды!

Іштегі дауыс: Құлан ақын әлдеқашан бұл арадан табан жалтыратқан! Ал, Әлшекей не жазды сендерге?

Қисық Қабай: Шаруаларың болмасын, мен оны өз қолыммен кісендеп алып кетуім керек.

Іштегі дауыс: Не үшін? Не жазығы бар?

Қисық Қабай: Ол жаңа заманды мазақтап, өкіметке қарсы күй шығарған қарабет! Оның ендігі орны – түрме! Шықсын тезірек!

Іштегі дауыс: Онда басқа дүниеден ізде күйшіні! Бар да кісендеп әкете бер.

Қисық Қабай: *(айқайлап)* Әй, қырсық неме, бұл не мазағың? Мен жаңа өкіметтің қызметшісімін. Арнайы тапсырмамен келген адаммын. Ойнама менімен...

Іштегі дауыс: *(ашулана сөйлеп)* Әлшекей – бақилық! Бейітінің басына бар да, аса қажет болса, қазып алып әкете бер деп тұрмын саған...

Қисық Қабай: *(қасындағылармен күбірлесіп алып)* Олай болса, осында шонжар бай Нәлібайдың ұлы Жасыбай отыр дейді. Шықсын бері! Қолына кісен саламыз!

Көпшілік: *(сыбырласып)*

– Олар сізді танымайды, шықпай-ақ қойыңыз!

– Біз сізді жасырып тастайық.

– Кетіп қалған дей салармыз.

Әбдіқалық: Аға, шынымен-ақ кісенделіп кете бересіз бе? Бір айласын ойласайық та...

Жасыбай: Жоқ, қарақтарым! Тағдырым осылай болған шығар. Ең бастысы – Әлшекейдей ел сыйлаған асыл ағаның жаназасына қатысып, өз қолыммен бір уыс топырағын салдым. Енді арман да жоқ менде. Арым таза...

Көпшілік:

– Сонда осылай өз еркіңізбен қол беріп, кете бермексіз бе?

– Олар сізді аяй ма?

– Қадіріңізді біле ме өңкей жалаңаяқтар?

Әбдіқалық: Ағатай, бірнеңе десеңізші ең болмаса! Не істейміз, аға-а...

Жасыбай: *(ойлана)* Олар – жазықсыз Шахан бай мен Аралбайды, жазықсыз Жантөрені жалмады. Олар – жаны жомарт Жәнібек байда да қорлап болды. Олар күні кеше жаңа өкіметке жанын сала қызмет еткен, түк жазығы жоқ балам Жәлденді жалмап тынды. Енді маған да кезек келген екен. Қайтейін, ағаларымнан, баламнан жаным артық па менің... *(тысқа беттейді)*

Есікке жете беріп, тоқтап, артына қарап сөйлейді.

Жасыбай: Қош, елдің ардақтысы – Бектібай баласы Әлшекей аға! Қазақ күйінің дүлдүлі! Жатқан жерің жайлы болсын, арыс ағатайым! Ана дүниедегі барша туған-туыс, бауырларға бізден дұғай сәлем! *(кішкене тоқтап)* Мен де... мен көп ұзамаспын. Жетермін артыңнан! Кімдерді жұтпаған қатал тағдыр бұл! Қош, асыл ер! Қош, Қаратаудың қоңыр құлжасы!..

Сахна жартылай қараңғылана береді.

Осы кезде әлдеқайдан дауыс естіледі.

Дауыс: Заман кінәлі дейміз-ау бәріне де! Заман ба екен? Ау, осындай аумалы-төкпелі заманға жол салған жұмыр басты пенделердің өзі емес пе! «Адамы азса, заманы да бұлдыр тартар! Адамы бұзыла бастаса, заманы да бұлғақтап бағар!» Осыны Нарынбай шешен әдемі-ақ айтып кетіпті. Мұны, пенделер-ау, бізге кәрі

тарих талай рет түсіндіріп те, білдіріп те келе жатқан жоқ па осы? Бірақ, сонда да... сонда да неліктен тайғақты жолды көлденеңдеп, өзімізге-өзіміз қиындық тілеп ала береміз?

XX ғасырдың зобалаңы мен қысталаңын енді біз ғана емес, бізден соңғы ұрпақтар да әлі талай-талай рет тілге тиек етіп, әрдайым есіне алатын болар! Қинала-күрсіне еске түсірер!

Дауыс кішкене үзіледі де, қайтадан жалғанады.

Дауыс: Міне, күймен ғұмыр кешкен есіл ердің – Бектібайұлы Әлшекейдің тағдыры осылайша тұйықталды. Ол да елеусіз бір төбешік болып қала берді жат жұртта! Бірақ, дәулескер күйшінің күйі үзілген жоқ. Жоғалған жоқ әуезді күй! Оны кейінгі ұрпақтары жалғастырды: Әлінің ұлы Сүгір, өзінің үзеңгілес досы Бөпе, өз ұлдары Қарабала мен Дәнебек, сосын Әбдіқалық, оның ұлы Әбдіқадыр секілді талантты адамдар арқылы Әлшекей күйлері біздің дәуірімізге ауысыпты. Қисық Қабай секілділер қанша тұсау салып, кедергі көрсетіп бақса да, күй-әуеннің үнін өшіре алмады. Өнер мәңгілік деген осы! Қазақ өнері мәңгі өлмек емес! Жасай бергей!.. Жалғаса бергей!.. Бар тілегіміз, зар тілегіміз де – осы!

(ШЫМЫЛДЫҚ)